

**Жетітобе бобекжай-бақшасының
Қамқоршылық кеңес отырысының
№1-хаттамасы**

03 қыркүйек 2025 жыл

Қатысты: 8__

Қатыспады: _2_

Шақырылғандар: 7

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2025–2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің кіріспе жиналысын өткізу.
2. МДҰ осал топқа жататын отбасыларды анықтап, тізімін ұсыну.
3. МДҰ Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
4. Ерiкті жарналар қаражатын пайдалану бағыттары мен тәртібін айқындау.
5. МДҰ 2025-2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі А.Кузембаева сөз сөйлеп, 2025-2026 оқу жылына балабақшаның дайындығы туралы айтып кетті. Онда Әдістемелік нұсқаулықтағы өзгерістер, қойылған мақсат міндеттермен таныстырды. Жаз мезгілінде бюджет есебінен ағымды жөндеу жұмысы, аула тазалау жұмыстары жүргізілгенін, қызметкерлермен тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі тұрақты бақылауда екенін атап өтті. Балалардың тамақтану сапасы, ас мәзірі және санитарлық талаптардың сақталуы туралы ақпарат берілді. Қабылдау актісі қабылданып бекітілді.

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның әдіскері А.Алимбетова балабақшадағы осал отбасылардың жағдайымен таныстырып Үкімет тарапынан тегін тамаққа ілінетін балалардың тізімін ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі А.Кузембаева Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы Е.Марасилов ерікті жарналарды:

1. Материалдық базаны нығайту
2. Әлеуметтік көмек
3. Дарынды балаларды қолдау

4. Шараларды өткізу арқылы жұмсалатыны туралы ескертіп өтті. Бұл қаражаттың шешім қабылдау, хаттама толтыру, есеп беру арқылы іске асырылады.

Бесінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі балабақшаның қысқа дайындық жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырып өтті

1. Жылу жүйесінің құбырлары тексерілді
2. Терезе мен есіктер тығыздығы тексерілді
3. Аумақты ретке келтіру құралдары дайын, құм қоры жинаулы, сырттағы ойын құралдарының қауіпсіздігі тексерілді
4. Дәрумен мәзірі қарастырылды, ауа алмасу графигі бекітілді
5. Әдістемелік және тәрбие жұмыстары қарастырылды.



Шешім бір ауыздан қабылданды

Шешім:

1. Бақшаның 2025-2026 оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық
2. Осал отбасынан шыққан балалардың тізімі бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Ерікті жарналарды пайдалану тәртібі ұсыныс бойынша орындалсын.
5. МДҰ 2025-2026 оқу жылының қысқа дайындығы қанағаттанарлық.

Төраға

Хатшы

Е.Марасилов

А.Алиμβетова

**Жетітөбе бөбекжай-бақшасының
Қамқоршылық кеңес отырысының
№2-хаттамасы**

19 желтоқсан 2025 жыл

Қатысты: 9__

Қатыспады: _1_

Шақырылғандар: 7

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйымның дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлеу мақсатында МДҰ 2025-2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыстармен танысу.
2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.
3. МДҰ тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
4. МДҰ материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі А.Кузембаева сөз сөйлеп, бақша жұмыстары жылдық жоспарға сай іске асырылып жатыр балалардың қауіпсіздігі бойынша, Адал азамат бір тұтас тәрбие бағдарламасы бойынша, әжелер, әкелер, аналар мектебі жоспары бойынша іс-шаралар ай сайын өткізіліп отырылады, онлайн республикалық байқау бойынша жүлделі орындар алып жатыр.

Екінші мәселе бойынша ата-аналар жиналысы өткізіледі, ертеңгілікті ұйымдастыру тәрбиешілерге жүктелді, ата-аналар тарапынан балаларға сыйлық ұйымдастырылды, Аяз-ата қоржынына ата-аналар комитетінің төрайымы К.Мырзакулова демесушілік етеді.

Үшінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі А.Кузембаева балалардың тамақтану сапасы әрдайым бақылауда, сауықтыру жұмыстары үнемі жүргізіледі, ас мәзірі және санитарлық талаптардың сақталуы туралы айтып өтті

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші А.Кузембаева ешқандай демеушілік көмек түспегені туралы айтты.

Шешім:

1. Бақшаның бірінші жартыжылдық жұмыстары жоспарға сай, қанағаттанарлық
2. Балалардың жаңа жылдық ертеңгілігі қауіпсіздік шаралары сақталып белгіленген уақытта өткізілсін.
3. Тамақтану сапасына қоғамдық бақылау жалғастырылсын.
4. Демеушілік көмектер қарастырылсын.

Шешім бір ауыздан қабылданды

Төраға *Аюф* Е.Марасилов
Хатшы *Алима* А.Алимбетова

